**«Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 24 ақпандағы № 95 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 219 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 20 мамырда № 6965 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 59 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 10.02.2016 № 59 бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!

Осы бұйрық 2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі (3-т.).

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 24 ақпандағы № 95 бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6829 тіркелген):

1-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Осы бұйрықтың 2-121-қосымшаларына сәйкес Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомы;»;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Осы бұйрықтың 122-қосымшасына сәйкес Мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтері бойынша тозудың жылдық нормалары бекітілсін.»;

мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтері бойынша тозудың жылдық нормалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес толықтырылсын;

осы бұйрыққа 1-қосымша мынадай мазмұндағы 12-тармақпен толықтырылсын:

«12. Мемлекеттік мекеме ұзақ мерзімді активтердің амортизациясын есептеу үшін мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтері бойынша тозудың жылдық нормаларын пайдаланады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, аудиторлық қызмет әдіснамасы департаменті (А.О. Төлеуов)

осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр Б. Жәмішев*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2011 жылғы 27 сәуірдегі
№ 219 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2011 жылғы 24 ақпандағы
№ 95 бұйрығына
122-қосымша

## Мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтері бойынша тозудың жылдық нормалары

| Ұзақ мерзімді активтердің түрлері және топтары | Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттары жоспарының шот/субшоттың нөмірі | Тозу нормасының шифрі | Тозудың жылдық нормасы (бастапқы құнына %-ға) |
|---|---|---|---|
| 1. Ғимараттар<br>Тұрғын үй емес ғимараттары<br>Тұрғын үй ғимараттары | 2320<br>2321<br>2322 | -<br>1.1<br>1.2 | -<br>7<br>2 |
| 2. Құрылыстар (су айдағыштар, стадиондар, бассейндер, жолдар, көпірлер, ескерткіштер, парктердің, саябақтар мен қоғамдық бақтардың қоршаулары, бұрғылау ұңғымалары, штольнилар мен басқалар) | 2330<br>2330 | 2.1 | 7 |
| 3. Беріліс құрылғылары<br>Электрберіліс және байланыс құрылғылары<br>Трансмиссиялар мен құбырлар желілері | 2340<br>2340<br>2340 | -<br>3.1<br>3.2 | -<br>4<br>5 |
| 4. Көлік құралдары<br>Темір жол көлігінің жылжымалы құрамы<br>Су көлігі<br>Автомобиль көлігі<br>Әуе көлігі | 2350<br>2350<br>2350<br>2350<br>2350 | -<br>4.1<br>4.2<br>4.3<br>4.4 | -<br>15<br>15<br>15<br>15 |
| Ат-көлігі<br>Өндірістік көлік<br>Спорт көлігі | 2350<br>2350<br>2350 | 4.5<br>4.6<br>4.7 | 15<br>20<br>23 |
| 5. Машиналар мен жабдықтар<br>Қуат машиналары мен жабдықтар | 2360<br>2360<br>2360 | -<br>5.1<br>5.2 | -<br>10<br>12 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жұмыс машиналары мен жабдықтар<br>Өлшеу аспаптар<br>Реттегіш аспаптар мен қондырғылар<br>Лабораториялық жабдықтар Компьютерлік<br>жабдықтар Дәрігерлік жабдықтар<br>Офистік жабдықтар<br>Өзге машиналар мен жабдықтар | 2360<br>2360<br>2360<br>2360<br>2360<br>2360<br>2360 | 5.3<br>5.4<br>5.5<br>5.6<br>5.7<br>5.8<br>5.9 | 20<br>20<br>10<br>25<br>10<br>10<br>15 |
| 6. Аспаптар, өндірістік және шаруашылық<br>мүкәммалы<br>Аспаптар<br>Өндірістік мүкәммалы және бөліктер<br>Шаруашылық мүкәммалы<br>Өзге де өндірістік және шаруашылық<br>мүкәммалы | 2370<br>2370<br>2370<br>2370<br>2370 | -<br>6.1<br>6.2<br>6.3<br>6.4 | -<br>30<br>10<br>15<br>10 |
| 7. Өзге негізгі құралдар<br>Көгалдандырылған, безендіру екпелері және<br>басқа да жасанды екпелер<br>Жерді жақсарту бойынша күрделі шығындар<br>Өзге мүкәммалы<br>Жұмыс малдары<br>Өзге негізгі құралдар | 2380<br>2383<br>2383<br>2383<br>2383<br>2383 | -<br>7.1<br>7.2<br>7.3<br>7.4<br>7.5 | -<br>8<br>12<br>25<br>12<br>25 |
| 8. Инвестициялық жылжымайтын мүлік<br>Тұрғын үй емес ғимараттары<br>Тұрғын үй ғимараттары | 2500<br>2510<br>2510 | -<br>8.1<br>8.2 | -<br>7<br>2 |
| 9. Биологиялық активтер<br>Жануарлар<br>Көпжылдық екпелер | 2600<br>2610<br>2620 | -<br>9.1<br>9.2 | -<br>12<br>8 |
| 10. Материалдық емес активтер<br>Бағдарламалық қамтамасыз ету<br>Авторлық құқық<br>Лицензиялық келісімдер<br>Патенттер<br>Өзге материалдық емес активтер | 2710<br>2711<br>2712<br>2713<br>2714<br>2716 | -<br>10.1<br>10.2<br>10.3<br>10.4<br>10.5 | -<br>10<br>10<br>10<br>10<br>10 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК